«Дарынды және талантты балаларды оқыту»
тақырыбындығы семинар-практикум



**Козыбакова Алтын Панзабековна** – «Мұрын жырау Сеңгірбекұлы атындағы Маңғыстау гуманитарлық колледжінің» физика, математика пәндерінің оқытушысы

**ДАРЫНДЫ ЖӘНЕ ТАЛАНТТЫ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ**

**Қатысқандар:** Жас мамандар, ПЦК жетекшілері, мүшелері, студенттер

| | |
|---|---|
| **Сабақтың түрі** | Жаңа білімді игеру және практикалық сабақ |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | Дарынды және талантты балаларды оқытудың мақсаты жан-жақты, білімді, іскер, өздік ойлау жүйесі дамыған, адамгершілігі жоғары, дені сау, барынша қабілетті жанды қалыптастыру;<br>Бала дарынының ашылуын өз қабілетіне сәйкестендіре дамыту, жетілдіру, сыни ойлай алатын тұлға қалыптастыру. |
| **Сабақтың мақсаттары:** | **Барлығы:**Дарынды және талантты балалардыажырата біледі;<br>**Көпшілігі:**Дарынды және талантты балаларды сипаттай алады;<br>**Кейбіреуі:**Дарынды және талантты балаларды анықтай алады, олармен жұмыс жүргізе алады. |
| **Бағалау критерийлері** | Қатысушылар тақырыпты ашуда постер қорғайды, тест сұрақтарына жауап береді, шығармашылық тапсырмалар орындайды. |
| **Тілдік мақсаттар** | Дарын, талант, дарынды және талантты балаларды оқыту. |
| **Құндылықтарды дарыту** | Осы тақырыпты өте отырып, дарынды және талантты балаларды қалай ажыратуға болатынын біледі, ұйымшылдыққа үйренеді. |
| **Пәнаралық байланыстар** | Ағылшын тілі, педагогика, психология, көркем өнер, әдебиет. |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Презентация |
| **Бастапқы білім** | Дарынды және талантты балалар туралы теориялық білім. |

**Сабақ барысы**

| **Сабақтыңжоспарланғанкезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланғаніс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>***Қызығушылықты ояту кезеңі***<br>(10-мин) | Good morning, dear colleagues! We are very glad to see you! Today we’re going to speak about talented and gifted children. At first I want to show you a short video, your task is to listen the questions and answer them. Сұрақтар:<br>How are you? What date is it today? What day of the week is today? What season is it now? What is the weather like today? Who is absent? Who is on duty today? Натюрморт деген не? Қайым айтыс деген не? 9 бас, 22 аяқ. Неше тауық, неше ешкі? (2 ешкі, 7 тауық) Бос орынға қажетті санды қойыңыз 2 5 8 11 _ (жауабы 14) Бос орында тұруы тиіс фигураны көрсетіңіз. (жауабы 4) (жауап берген топ мүшелерін ортаға шығару) | Слайд<br><br>Видео<br><br>Смайликтер<br><br>Слайдтар |

«Дарынды және талантты балаларды оқыту»
тақырыбындығы семинар-практикум

| | | |
|---|---|---|
| **Топқа біріктіру**<br>(2 мин) | Сұрақтарға жауап бергендеріңіз үшін, рахмет және сіздерді ортаға бүгінгі сабаққа қатысуларыңызды сұраймыз.<br>Алдарыңызда көріп тұрған бейнелерден өзіңіздің жаныңызға жақын бір бейнені таңдап алыңыз.<br>Енді *Абай Құнанбаевты* таңдағандарыңыз бірінші топқа, *Әбілхан Қастеевты* таңдағандарыңыз екінші топқа, *Әл-Фарабиды* таңдағандарыңыз үшінші топқа жиналыңыздар. | Слайдтар |
| **«Ой салу»**<br>30 секунд<br>1 минут | Құрметті топ мүшелері, енді осы тұлғаны неге таңдадыңыздар, не себепті топтар осы тұлғалардың атымен аталды? (10 секундтың ішінде өз топтарыңызда талқылап, айтасыздар). | |
| **Тақырыпқа кіріспе**<br>(6 мин) | Сабақтың мақсатын, критерийлерін атап өту.<br>Мақсаты: дарынды, талантты, қабілетті балалармен жұмыс түрлерін көрсету. Теориядан қысқаша мәлімет | Слайд |
| **Теорияны нақтылау**<br>(10 мин) | Дарынды және таланатты баланың бейнесін жасау және сипаттау. Постердің ережесі:<br>1. Дарынды және талантты дегенді қалай түсінесіздер?<br>2. Дарынды оқушының белгілері қандай?<br>3. Топтағы талантты және дарынды студенттерге қалай көмектесуге болады? | Постер |
| **Шығармашылық сәті**<br>(15 минуттық дайындық) | Дарынды, талантты бала кім деген сұрақтарға жауап тапқан соң, әр топқа жекелей тапсырмалар беріледі.<br>Критерий: түйінді идеяны ұсынады; тақырыптың мазмұнын ашады; топ мүшелерінің ұйымшылдығы; әр топ мүшесінің атсалысуы; уақытты тиімді пайдалану;<br><br>*Абай тобы*– ақындар тобы, еркін тақырыпқа өтірік өлең жазады.<br><br>*Қастеев тобы*– 2050 жылдағы ұстаз бейнесін бейнелейді.<br><br>*Әл -Фараби тобы* – Бәйтеректің мәнін таңдаған тілде түсіндіру, айту. (тілдер: English, Spanish, French, Deutch | А3қағаздар<br>Флипчарт<br>Бәйтеректің суреті |

| | | |
|---|---|---|
| | (German), Chinese) | |
| **«МИКС» әдісі**<br><br>(20 мин) | Келесі әдіс, МИКС әдісінің сәл өзгеше түрі. Ол әдісті орындау үшін топқа жекелей тапсырмалар беріледі. Микс әдісінің мақсаты: талантты адам бар жағынан талантты екенін анықтау.<br>*Абай тобына* – Таланттылар- раушан гүлі сияқты, жан жағына жұпар шашып, көңіл ашады. Тікені, азабы өзіне. Ш. Мұртаза.Осы Ш. Мұртазаның сөзін бейнелейді.<br>*Қастеев тобына* – берілген суреттенсөйлем құрастырады.<br>*Әл Фараби тобына* - суреттер беріледі, сол суреттерді қарай отырып не білдіргісі келгенін анықтайды. | Слайд |
| **Қорғау**<br>(3 мин) | Әр топ өз тапсырмаларын мәнді, мағыналы түрде қорғайды. Міндеті әр топ мүшесін сөйлету.<br> <br>  | |
| **Сергіту сәті**<br>(3мин) | Бейнеролик арқылы дене қимылын жасау | Интерак тивті тақта |
| **Семинардың соңы**<br>(15 мин) | «Не білесіз?» әдісі: сұраққа жылдам жауап табу | Слайд |
| **«Қорытынды жасаушы»**<br>(5мин) | Семинар басында белгілі бір оқытушыға семинар соңында қорытындысын шығаратынын ескертіп қоямын, ол өзіне қажет жағдайда жазбалар жасап отырады да, семинар соңында қорытындысын жасайды. | |

«Дарынды және талантты балаларды оқыту»
тақырыбындығы семинар-практикум